




15-дәріс



ҚАЗАҚСТАННЫҢ
АШЫҚ
УНИВЕРСИТЕТІ

ТЕЛЕВИЗИЯ, РАДИО ЖӘНЕ ЖАҢА МЕДИАҒА МӘТІН ЖАЗУ

Музыкалық формат. Ең бастысы –
ереже





Кітап: Телевизия, радио және жаңа медиаға мәтін жазу

Дәріс: Музыкалық формат. Ең бастысы – ереже

Дәріс авторы: Қайнар Олжаев

I.

Армысыздар. Қазақ тілді журналистерге арналған кезекті дәрісімізді бастаймыз. Алдымен әдеттегідей Роберт Хиллиард мырзаның «Телевидение, радио мен жаңа медиа үшін мәтіндер жазу» атты кітабынан алынған ойларды қозғап өтеміз. Онда музыкалық форматтар өндірісі талқыланады. Бұл істің бірқатар астарлары бар, Роберт Хиллиард мырза сол астарларды ашады. Одан әрі дәрістің екінші бөлігінде өзіміздің журналистикада мақала, сценарий, фельетон, әйтеуір не жазса да қазақ тілінің ережесін қатаң сақтап жазуға керектігін еске салып өтеміз.

Сонымен Роберт Хиллиард мырза музыкалық бағдарламалар жөнінде не дейді екен? Ол бұл тарауда сөзін радиода берілетін музыкалық бағдарламадан бастап, одан кейін телевизиялық музыкалық бағдарламаларға қандай талаптар қойылатынымен таныстырады.

1930 жылдары Мартин Блок радио дикторы қалай жұмыс істеуі керек деген концепция жасады. Енді диктор сөзінің ортасына әндер, жеке пікірлер мен жарнама беріліп тұратын болды. Бұл тыңдаушы мен радио арасын барынша жақындатты.

Кейін телевидение пайда болғанда ол өзінің музыкалық бағдарламаларын радиодан көшіріп алды. Алдымен тікелей эфирде симфониялық оркестерлер ойнады. Би топтары мен белгілі ұжымдар мен жеке әншілер өнер көрсетті.

Көп жылдар бойы белгілі әншілер, музыкамен атын шығарғандар және рок пен джаз топтары қатысқан тбағдарламалар мен сериалдар телевизия эфирінде табыспен жүрді. Әншілер экранда өздерін еркін ұстап тіпті музыкалық емес бағдарламалардың көркін кіргізді. «Американың тас құдайы» сынды реалисти шоуларға да қатысып, елеулі жетістікке жетті.

1980 жылдары ЭМТИВИ арнасының пайда болуы телевизиялық музыкалық шоулар үшін жаңа өлшем жасады. Кабелдік телевизия арқылы ЭМТИВИ тәулік бойы толастамайтын музыкалық сервис ұсынды. Мұнда нетүрлі музыкалық бағдарламалар жасалды. Оларға елдегі және әлемдегі ең белгілі музыкалық топтар ықыласпен қатысты.

Бұл арнаның музыкасы мен оған қатысқан айтулы тұлғалар әрбір форматты көзге көрнекі, құлаққа жағымды, жүрекке жақын етті.

Бұл бағдарламаның бәрінің өзегі музыка болса да, сценарий жазушыға жұмыс табылатын. Олар бағдарламалардың бір-бірінен кейін үзіліп қалмай жалғасуын қамтамасыз етті. Жаңа идеяларды ойлап тапты. Кейде музыкалық шоулардың жүйесі мен сызбасын жасады. Сол сияқты осы шоуларға қысқаша түсіндірме әзірледі.

Ал радиода бұл міндетті диджей атқарады. Ол алдын ала әзірленген плей парақша бойынша жұмыс істейді. Диджейдің бұл іске маманданып, машықтануы міндетті.

Кәсіпқой диджейлер ешқашан қателеспейді. Тыңдармандарға олар бәрін еш дайындықсыз істейтін сияқты көрінеді. Шын мәнінде әрбір диджей өзі эфирде отыратын уақытқа алдын ала әзірленіп келеді. Жүргізуші әр нәрсенің басын шалып сөйлесе де берілетін музыкалық контент алдын ала анықталып, әзір тұрады. Радиода ұзақ уақыт эфир тізгіндейтін диджеймен қатар жеке бағдарламаны ғана жүргізетін автор бар. Алғашқысы эфирді сауатты алып шығуға міндетті болса, екіншісі тек өзінің хабарына жауап береді. Диджей тікелей эфирде жұмыс істесе, жеке хабардың авторы тікелей эфирмен қатар, өзінің өнімін алдын ала дайындап қоюы да мүмкін.

Радиоғағы музыкалық бағдарламалардың қатаң ұстанымдары бар. Ондағы форматтар нақты айқындалған, бағдарламаның бір ортақ өзегі болады. Соның айналасына басқа да материалдар қосылып, эфир барысында радиоғағы шоу өркендеп, өрістеп кетеді.

Музыка бұрын да, қазір де жастармен тілдесудің жолы іспетті дейді өзінің «Телевидение, радио мен жаңа медиа үшін мәтіндер жазу» атты кітабында Роберт Хиллиард мырза. Айталық Битлз тобы танымал музыканың бейнесін өзгертіп қоймады, жастардың өмірге деген көзқарасы мен тәртібіне де ықпал етті. Дыбыс жазатын студиялар мен радиостансалар эфир арқылы өтетін музыканы демократияның құралы деп санайды.

1990 жылдардан бастап радионың жұмысына өзгеріс келді. Оның музыкасы ересек тартты. Жанрға арналған радиолар пайда болды. Кезіндегі рок енді бірнеше салаға бөлініп кетті.

Одан кейін музыка тек радионың еншісі деген ұғым көмескіленді. Енді оны спутник пен кабель, интернет сайттар мен әлеуметтік желі арқылы тыңдау бастады. Осымен біз дәрісіміздің бірінші бөлімін аяқтап, келесі өзіміздің дәстүрлі қазақтілді журналистикаға арналған бөлімге көшеміз.



Кітап: Телевизия, радио және жаңа медиаға мәтін жазу

Дәріс: Музыкалық формат. Ең бастысы – ереже

Дәріс авторы: Қайнар Олжаев

II.

Редакциялау – ақпарат құралдарының қызметкерлері үшін ең қиын, бірақ аса қажетті жұмыс. Халыққа алдымен қатесіз, одан барып қоғам алдында жауапты, содан соң тыңдаған мен оқығанда ұғынықты жазылған материал ғана ұсынылуы керек. Бұл – бұқаралық ақпарат саласы үшін басты талаптар болып табылады. Бірақ олардығы мақалалардың мазмұнына назар аудармаймыз. Саясатты талдап жаза ма, жоқ экономиканы сараптай ма, әлде бағдарламасы немесе басылымы тек экологияға арнала ма? Мәселе олардың қандай тақырыптарды қамтитындығында емес. Сол сияқты редакциялаудың көзімен қарағанда ақпарат құралының қайда бағытты ұстанатыны маңызды емес. Биліктің сойылын соқсын, жоқ оппозициялық көзқарастан танбасын, әлде бейтарап екенін әйгілеп отырсын, тіпті діни бағытты насихаттасын, редакциялау үшін бәрібір. Ол бәріне ортақ бір талап қояды – мәтін сауатты жазылуы керек.

Оның үстіне Қазақстанның қай аймағында болсын тіл мен емле ережесі жалғыз нұсқада жазылады. Одан ауытқуға болмайды. Айталық бүкіл Қазақстан үшін жол ережесі ортақ. Қай қала мен ауылда жүрсеңіз сол жол ережемсін ұстанасыз. Қазақ тілінің талабы да осындай. Аймақтарда жеке қазақ тілі жоқ. Тіл, оның ішінде әдеби норма біреу ғана. Түрлі ақпарат құралдары солтүстік аймақта шыға ма, немесе оңтүстіктің ең шеттегі қала лары мен аудандарын қамти ма, бәрібір қазақ тілінің қалыптасқан әдеби нормасын бұзбай, сақтап хабар таратуы тиіс. Міне редакциялау барысында осыған назар аударылады.

Жалпы, әрбір тілші жоғарыда отырған басшыларға сенбей, өзін-өзі редакциялауға үйренуі керек. Бұл оңайлықпен келмейді. Жылдар бойы тынбай жұмыс істегенде ғана бойға сіңетін дағды. Ал редакциялауды үйреніп алсаң, өзіңді қойып, кез-келген автордың олқылығын киналмай жөндей аласың.

Бұл үшін бірнеше талапты білу керек. Алдымен қазақ тілінің ережесі. Осы тұрғыдан кезекті дәрісімізде төмендегі мәтінді түзетіп береміз. Редакциялауды жай сөзбен түсіндіру қиын. Мұнда нақты мысал арқылы ғана үйренуге болады. Өйткені, редакциялау дегеніміз ешқандай теория емес. Бұл жатқан практика ғой. Анығында теориялық білімді көрсету емес пе. Демек, мектепте, одан кейін жоғары оқу орнында қазақ тілі пәнін жете ұғынып, мән беріп оқыған журналист қана өзінің қызметінде редакциялау деген биікті бағындыра алады.

Біз енді ақпарат құралының қызметкері сол ережеді дұрыс оқыды ма, жоқ па дегенді төмендегі мақаланы талдау арқылы көрсетеміз. Тіпті оқыған болса оны қаншалықты іс жүзінде қолданды екен?

Бұл тараудағы мысал Қазақстанның солтүстігіндегі басылым мен оның интернеттегі сайтынан алынды. Бірақ этика мәселесін сақтап, оларды және авторды көрсетпейміз. Қала, басылым және кейіпкер аттарының тек бас әріптерін келтірдік. Ондан кім екені танылып жатса, ол үшін ешкім бізді айыптай қоймас. Бәлкім, автор бұл дәрісті тындап алған соң ойға келер. Болашақтағы мақалаларында біз көрсеткен қателерді жібере қоймас.

Сонымен бұл жолғы дәріске алынған мәтінді ұсынамыз. Бір үзіндісі ғана. Онша көп емес. Сондықтан бірінші жолы толық оқу шығуға тиістіміз:

«...Жұмыс сапарымен «Мұнайлы астанамыз» А. қаласына барған продюсер жергілікті «А. Ж.» басылымына сұхбат бере отырып өзінің алдағы жоспарларымен құпиясымен бөлісті! Тілші әртістің бірнеше ай бұрын болған келеңсіздікті есіне салып бір жылатып алғанға саят...

Эмоцияға берілген әртістің әлсіздігін байқаған әккі тілші продюсерге тосыннан сұрақ қойып: басыңыз бос, әлі жассыз, әрі сұлусыз неге тұрмыс құрмасқа деген сауалына, Б. Е. кідірместен басының бос еместігін және осындай келеңсіздіктен кейін өмірмен күресуге махаббаттың әсері болғанын, қазір алғаш ғашық болған күйдей жағдайда жүргенін бақытты екенін айтты!» Үзіндінің соңы.

Ең алдымен байқалатыны – автор өзі мұнайлы астана деп атаған қаладағы ақпарат құралының жеңіл тақырып іздегендігі. Ол қалаға барған кейіпкер Б. Е.-ні ешқандай өнерімен таң қалдырған, бүкіл халықтың сүйіктісіне арналған тұлға емес деп топшылаймыз. Демек, кейінгі уақытта кім көрінгенді жұлдыз атандырып, жұртты соған табындыруға тырысушылық ақпарат құралдары арасындағы жұқпалы ауру болып жайылып барады. Сол арқылы арзан рейтинг жинау сәнге айналды. Негізінде ақпарат құралдарының бұл тірлігі қоғам үшін дұрыс жол сілтеу емес. Әлемдік тәжірибеге қарасақ, Батыс Еуропа мен Америка құрылығы бұл адасуды әлдеқашан бастан өткізді. Олардың да есірткіге еліткен, жылтырақпен есті шығарған әлдекімдерді жаппай насихаттаған дәуірі болды. Бірақ олар арзан тақырып қуалаған дәуірден өтіп, жиырма бірінші ғасырдан бері нағыз өмірлік құндылықтарды насихаттауға көшті. Біз болсақ басқалар көшіп кеткен жұртта айғайлап, топырлап жүрміз.

Жоғарыда келтірілген мәтінді енді сөйлем-сөйлем бойынша жеке бөліп, жіліктеп талдайық. Сонда бір аймақтық білдей ақпарат құралы көпшілікке ортақ қазақ тілі ережелерін қалай бұрмалап отырғаны және



Кітап: Телевизия, радио және жаңа медиаға мәтін жазу

Дәріс: Музыкалық формат. Ең бастысы – ереже

Дәріс авторы: Қайнар Олжаев

басқа қисынсыз сөйлем құрайтыны, ең бастысы еш редакцияланбастан халыққа ақпарат таратаныны көзге анық байлады. Хабар таратуда тек Қазақстан Республикасының Конституциясына қайшы келмесе, билікті күштеп өзгертуге шақырмаса, соғысты, басқа да мемлекет үшін қауіпті жанжалдарды насихаттамаса, ұлтаралық араздықты қоздырмаса болды деп ойлайтын бас редакторлар жеткілікті. Жоқ жауапкершілік мұнымен бітпейді дейміз біз. Олардан басқа журналистік этиканы сақтау деген бар. Болашақ ұрпақ тәрбиесін ойлау деген бар. Одан басқа ең қажеттігі қазақ тілінің заңдарын берік ұстану деген де бар ғой.

Осының бәрін ескермеген жерде әлгіндай мақалалар еш жауапкершіліксіз көпшілікке ұсынала береді. Біз басқа астарларын ысырып тастап тек қазақ тілінің заңдары қаншалықты сақталып жазылды деген талдауымызды бастаймыз.

Мысалған алынған мәтіннің бірінші сөйлемі мынадай: «Жұмыс сапарымен «Мұнайлы астанамыз» А. қаласына барған продюсер жергілікті «А. Ж.» басылымына сұхбат бере отырып өзінің алдағы жоспарларымен құпиясымен бөлісті!

Біріншіден, байқап отырғандарымыздай бұл сөйлемнің соңын автор леп белгісімен аяқтапты. Жоқ, мұның соңына ешқандай леп белгісі қойылмайды. Өйткені, бұл – кәдімгі хабарлы сөйлем. Бар болғаны белгілі продюсер бір қалаға келегн екен. Мұнда қандай пафос бар, қандай шаттық немесе күйініш сезімі бар? Ондай ештеңе байқалмайды.

Екіншіден, қазақ тіліндегі тыныс белгілерінің ережесі бойынша, «...сұхбат бере отырып» деген етістіктен кейін үтір қойылады. Өйткені мынау – таза құрмалас сөйлем, оның бірінші бөлімінде Б. Е. -нің А. қаласына барғанда сұхбат бергені, екіншісі бөлігінде онда өз жоспарларымен бөліскені жайында хабарланады. Тілдегі тыныс белгілерінің ережесі бойынша, құрмалас сөйлем өзі ішінде үтірмен бөлінеді.

Енді осы сөйлемдегі үшінші грамматикалық қатені көрсетейік. Сөйлем ортасында тұрған «Мұнайлы астанамыз» кіші әріппен жазылады. Өйткені ол сөздің бас ыемес. Мұнайлы деген бар болғаны анықтауыш сөз. Мысалы, эфир мен баспасөзде көптеген тілшілер «апортты астанамыз», «көмірлі Қарағанды», «шырайлы Шымкент» деген теңеулерлі айтып, жазып жанады. Оның ешбірі әлгі анықтауышты бас әріппен жазған емес. Ал мұнайлы астанамыздың одан қандай айырмашылығы бар? Егер бұл жерде бас әріпті тілші әдейі қолданса ондай астамшылықты жақсылыққа жоруға болмайды. Қалай мақтанса да қазақ тілінің ережесін сақай отырып мақтануы керек.

Төртінші түзету енді мағыналық жағына қатысты. Сұхбатты жергілікті «А. Ж.» басылымы алып отырғандықтан сөйлемде «А. қаласына барған продюсер» емес «А. қаласына келген продюсер» деп жазған ләзім. Оқиға осы қалада өтті. Осы қаланың тілшісі қонақтан сұхбат алуға кірісті. Демек продюсер осы А. қаласына келген. Түсінікті шығар.

Бесінші түзету артық сөзді алып тастауға ақатытсы. Өйткені ол әнгшейін артық сөз емес, тұтас мағынаны бұзып, басқа ойға жетелейтін артық сөз екен. Осыны ескеріп, құрмалас сөйлемнің бірінші бөлігінің етістігін «бере отырып» емес, «беріп» деп жазу керек. Егер Б. Е. тілшімен тілдесумен қатар Жайықтан балық аулап жатса немесе киім тігіп отырса, яғни бір сәтте екі істі атқарса «бере отырып» тіркесі өзін ақтайды. Ал мұнда тек продюсер жергілікті басылымға сұхбат беріп, өзінің алдағы жоспарларын айтып жатыр ғой.

Бұл сөйлемдегі алтыншы түзету тағы да грамматикалық талапқа қатысты екен. Сөйлем соңындағы «...жоспарларымен құпиясымен бөлісті» деген тіркес «...жоспарларымен және құпиясымен бөлісті» деп сауатты жазылуы керек. Тіпті одан дұрыс нұсқасын қарастырсақ: «...жоспарларымен және құпияларымен бөлісті» немесе «...жоспарымен және құпиясымен бөлісті». Өйткені, «пен», «мен», «бен», «және» жалғаулары бар салалас сөздер бәріне ортақ не жекеше, не көптік жалғауында тұрғаны жөн. Сонда алақұла болмайды. Ал автор жоспарларды көпше жазып, құпияны біреу етіп, екеуіне «бөлісті» деген етістікті ортақ қылған. Қисын бойынша бір етістікке тірелетін салалас сөздер бір жалғаулы болғаны ләзім.

Сонымен ештеңе қоспай, тек редакциялап бергендегі бірінші сөйлем мынадай:

«Жұмыс сапарымен «мұнайлы астанамыз» А. қаласына келген продюсер жергілікті «А. Ж.» басылымына сұхбат беріп, өзінің алдағы жоспарымен және құпиясымен бөлісті.» Бір сөйлемнің өзінен көзге ұрып тұрған алты қате шығардық. Мектеп мұғалімі мындай шығарма жазған оқушыға баттитып «екі» деген баға қояр еді. Ал мынау білдей аймақтық басылымдағы материал емес пе.

Жөндеп болдық па. Зер салып оқысақ тағы бір олқылық байқалады. Ол қате емес, бірақ логикалық жағынна қисынсыз қолданылған сөз екен. Сөйлемде «сұхбат берді» деп жазылған. Бұл жалғыз «А.Ж.» басылымына ғана емес, бүкіл қазақ тілді ақпарат құралдарына тән кемшілік. Жазған кезде немесе эфирден сөйлегенде «сұхбат берді» немесе «сұхбат алды» деу дұрыс емес. Себебі, сұхбат дегеніміз – зат емес, ол – іс, құбылыс қой. Той сияқты. «Той алды», «той берді» демейміз ғой. Ендеше алдағы уақытта «сұхбаттасты»,



Кітап: Телевизия, радио және жаңа медиаға мәтін жазу

Дәріс: Музыкалық формат. Ең бастысы – ереже

Дәріс авторы: Қайнар Олжаев

«сұхбат құрды», «сұхбат жасады» деуге үйрену керек.

Ендеше бірінші сөйлемді тағы қайтадан редакциялаймыз: «Жұмыс сапарымен «мұнайлы астанамыз» А. қаласына келген продюсер жергілікті «А. Ж.» басылымына сұхбатында өзінің алдағы жоспарымен және құпиясымен бөлісті.»

Енді бұл құрмалас сөйлем емес, жай хабарлы сөйлемге айналды. Өзінің бүкіл тыныс белгілері түгенделді.

Екінші сөйлемнің кезегі келді. Алдымен оны еске түсіріп алайық: «Тілші әртістің бірнеше ай бұрын болған келеңсіздікті есіне салып бір жылатып алғанға саят...»

Бірден оқығанда байқалып тұр, бұл да құрмалас сөйлем көрінеді, ендеше «есіне салып» етістігінен кейін үтір белгісі қойылады. Тыныс белгісі осымен түгенделді. Жалпы біздің журналистер қауымының үтірді қоятын жерге қоймай кетіп, керексіз тұсқа тықпалайтын әдеті бар. Ол да мектепте қазақ тілінің грамматикасын шала оқығаннан туған кемшілік шығар.

Екіншісі түзету екен. Сөйлемнің соңында «саят» емес, «саяды» деп дұрыс жазылады. «Саят» сөзі – зат есім, құс салу мен тазы жүгірту арқылы аңшылыққа шыққанды білдіреді. Өзіне етістік қосылады және септеледі: «саятқа шықты», «саятты қызықтады» дегендей. «Саяды» етістігі ауыз-екі айтылғанда «саяд», мәселен «дегенге саяд» болып естілуі мүмкін. Ал оны «саят» деп жазу – сауатсыздық. Кейінгі кезде естігені бойынша жазу деген ауру пайда болды. Ол ауруды әлеуметтік желі бұрынғыдан асқындара түсті. Тіл мен әдебиетке қатысы жоқ адамдардың жазбасында естігені бойынша жазылып кетер, ол да қате. Ал бақандай аймақтық басылымның ақпаратында «саяды» өзінің «саят» болып жазылуы үлкен қате.

Үшіншіден, мәтіндегі «әртiстiн» сөзі өз орнында тұрған жоқ, ол «есіне» деген сөздің алдында тұруы керек. Бұған дейінгі дәрісімізде біз сөйлемді пойызға теңеп, ондағы вагондардың дұрыс тіркелуі қажеттігін айтып едік қой. Соның нақты бір мысалы тағы кездесіп отыр.

Осы ескертулерді жөндегеннен кейін редакциялаудан өткен екінші сөйлем былай жазылды: «Тілші бірнеше ай бұрын болған келеңсіздікті әртiстiн есіне салып, бір жылатып алғанға саяды...»

Болды ма, Жоқ, тоқтаңыз. Мына сөйлемнің аяғына автор неге үш нүкте қойған? Үш нүкте тек ойы аяқталмаған шолақ сөйлемге қойылады. Мынау толық хабарлы сөйлем емес пе. Ендеше үш нүктенің орнына бір нүкте жетеді. Міне тыныс белгісіне қатысты тағы қатені тауып, жөндеп шықтық. Олай болса қайталап жазып шығамыз: «Тілші бірнеше ай бұрын болған келеңсіздікті әртiстiн есіне салып, бір жылатып алғанға саяды.» Жөнге келді. Тілдің заңдылықтары жағынан. Ал тілшінің өзі сұхбаттасатын кейіпкердің есіне келеңсіз оқиғаны түсіріп, бір жылатып қойғаны этикалық жағынан дұрыс па, өзі. Оны талдау біздің міндетімізге жатпайды.

«А.Ж.» басылымындағы үшінші сөйлемге келдік. Бұл өте күрделі, тым созылып ктеккен көрінеді. Бұған дейінгі дәрісіміздегі теңеумен өте шұбалаңқы пойыз болып шығапты. Сондықтан қабылдауға, түсінуге өте ауыр. Алдымен қайтадан көз алдымыздан өткізіп, жақсылап бір оқып шығалық: «Эмоцияға берілген әртiстiн әлсiздiгiн байқаған әккi тiлшi продюсерге тосыннан сұрақ қойып: басыңыз бос, әлі жассыз, әрі сұлусыз неге тұрмыс құрмасқа деген сауалына, Б. Е. кідiрместен басының бос еместiгiн және осындай келеңсiздiктен кейiн өмiрмен күресуге махаббаттың әсерi болғанын, қазiр алғаш ғашық болған күйдей жағдайда жүргенiн бақытты екенiн айтты!»

Соңындағы леп белгісіне бұл жолы тиіспеуді жөн көрдік. «Ғашық» және «бақытты» деген сөздер болғандықтан көтеріңкі көңіл күйді білдіретін сөйлем деп қабылдауға болар. Негізі «айтты» деген етістік оны хабарлы сөйлемге айналдырып тұр. Сонда да леп белгісі қала берсін. Онсыз да артық сөздер мен орнына қойылмаған тіркестер жетіп артылады. Соларды реттеп, жөнге түсіріп берудің өзіне уақыт керек.

Біріншіден, «эмоцияға берілген әртiстiн әлсiздiгiн байқаған әккi тiлшi продюсерге» деген ұзын-сонар тіркестегі «әккi» сөзі артық. Оқырманға қандай тілші сұхбат алғаны қызықты емес. Оны «әккi екен» деп бағалауды көпшіліктің өзіне қалдыру керек. Олар сұхбатқа риха болған тілшіні қалай бағалауға да хақылы. Ал басылымға өзінің тілшісін бұлай мақтап, марапаттаған еш жараспайды. Әрі «әккi» сөзі тілшіні сипаттауға тым тұрпайы. Әдетте «әккi» деген сын есім ұстатпай қойған аңға, ққашып жүрген қылмыскерге, тұзаққа түспей қойған құсқа арналса, онда орнымен жазылған дер едік. Ал өзіміз қырық жыл журналист болып жүріп тілшіні әккi дегенді алғаш оқып отырмыз. Сондықтан оны артық деп санаймыз.

Екінші түзету мынадай: «әртiс» пен «тiлшi» сөздері тура осының алдындағы сөйлемде кездескендіктен, оларды қайталаудың қисыны жоқ. Жалпы алдымен бір сөйлем тазартылады. Содан кейін бүкіл мақала артық сөзден арлығы тиіс. Демек бір сөйлемде жазылған сөздерді тура қасындағы екінші сөзге қайта тықпалау орынсыз. Одан қашу керек. Мәселе көлемде емес мәнде.

Енді үшіншіден мынаған назар аударайық. Бұл сөйлемді мағыналық жағынан дұрыс құру керек деген ескертуіміз. Сөйлемдегі «әртiстiн әлсiздiгiн байқаған әккi тiлшi продюсерге» деген тіркеске қарағанда бұл



Кітап: Телевизия, радио және жаңа медиаға мәтін жазу

Дәріс: Музыкалық формат. Ең бастысы – ереже

Дәріс авторы: Қайнар Олжаев

жерде әртіспен қатар оның продюсері бар сияқты көрінеді. Мағынаға қарағанда тілші әртістің әлсіздігін байқайды да, оның продюсеріне сол бойынша тиісе бастаған сияқты. Демек, оның да біреуі артық жазылған. Не «әртис» сөзін не «продюсерді» қысқартамыз. Тағы бір артық вагон пойыздан ағытылды. Бірақ артық вагон мұнымен таусылмайды. Көз алдымызда міне тағы біреуі қылаң ете қалды.

Төртіншіден, сөйлемде «сұрақ» пен «сауал» сөздерінің бірі ғана тұруы тиіс. Себебі, қойылып тұрған сұрақ, әлде сауал деп атасақ та болады, біреу ғана. Мағыналас сөздерді жөнсіз қайталау тілшілердің мақала, сюжеттерінде жиі кездеседі. Алдағы уақытта одан арылу керек. Әрбір жазылған сөйлем артық еті жоқ жараған ат сияқты болып тұрмай ма. Сонда бүкіл мақала кілең жүйріктердің жарысын көз алдыға әкелер еді. Жарайды, ары қарай жылжыдық.

Бесіншіден, «эмоцияға берілген әртістің әлсіздігін» деп жазған жөн емес. Оны дұрыстап «әртістің эмоцияға берілгендегі әлсіздігін» деу қисынды болмақ. Себебін түсіндірейік. Халық білетін кейіпкер Б. Е. былайша әлсіз емес, қайта өте мықты жеке адам. Тек ол эмоцияға берілген сәтте әлсіз болуы ықтимал. Міне бұл да тіркестегі сөздердің орнын ауыстырып алудың мағынаны қаншалықты өзгертіп жіберерін анық аңғартады. Небәрі үш сөзден тұратын тіркеске қайта көз салыңыздар: бастапқы нұсқасында «эмоцияға берілген әртістің» деп тұрды. Ал біз редакциялаған соң «әртис» сөзі тіркестің басына шықты да: «әртістің эмоцияға берілгендегі» болып жазылды. Толықтай «әртістің эмоцияға берілгендегі әлсіздігі» делініп өте ұғынықты мәнге ие болды.

Алтыншыдан, сөйлемде «тосыннан сұрақ қойып» емес, «тосын сұрақ қойып» деп жазылады. Өйткені, екеуі сұхбаттасып отырғандықтан сұрақ «тосыннан» қойылған жоқ, ал тосын сұрақ қойылғаны рас. Логикалық түзету деген осы. «Нан» деген жалғау жалғанғанда сөз тіркестері басқа мағынада тұрды, ал оны қыстартып тастап едік, жаңаша мағынаға ие болды. Басылымның да айтпағы осы екінші мағына емес пе еді.

Енді кезекті тыныс белгісінің қатесін тауып отырмыз. Сөйлем ортасындағы: «басыңыз бос, әлі жассыз, әрі сұлусыз неге тұрмыс құрмасқа» деген тілші сауалы түгел тырнақшаға алынуы керек. Қазақ тілінің ережесі осыны талап етеді. Өйткені, сөйлем ортасында басқа адамның, бұл тұста автордың кейіпкерге айтылған сөздері берілген.

Сегізіншіден сөйлемде «сұлусыз» деген сөзден кейін үтір қойылады. Бір ой ақталған, одан кейін келесі ой басталған ғой. Тыныс белгісіне немқұрайды қарау одан әрі жалғасыпты. Сөйлемде керісінше, «сауалына» деген сөзден кейін үтір қойылыпты. Тыныс белгілері туралы ережеге жүгінсек, бұл жерде ешқандай үтір қойылмайды. Өйткені, ой үзілмей, жалғасып жатыр емес пе.

Енді бір сөйлемге қатысты бақандай оныншы ескеруіміз бар: «осындай келеңсіздіктен кейін өмірмен күресуге» деген тіркесте қисын жоқ. Мағынасыз құрыла салған пойыз сияқты көзге ұрып тұр. Ешкім өмірмен күреспейді. Өзіңнің өміріңмен күресе алмайсың. Ол мүмкін емес. Адам өмірді сүреді, өмірді өткізеді. Ал өмірде күреседі, өмірде тартысады. Бұл жердегі мағынадағы өрескел қате неден кеткен дейсіздер ме? Сол баяғы сөздерді өз орнына қоймаудан барып туындаған. «Өмір» сөзі осы тіркестің басында тұрса, бәрі өз орнына түсер еді. Қане, солай жазып, қайта көз салып көрелік: «өмірдегі осындай келеңсіздіктен кейінгі күреске». Енді дұрыс болды. Тағы бір адасып кеткен вагон тізбектегі лайықты орнын тапты.

Кезек-кезегімен бір сөйлемге қатысты он бірінші ескертуге де жеттік. «Қазір алғаш ғашық болған күйдей жағдайда жүргенін бақытты екенін айтты!» деген соңғы тіркесте «күй» мен «жағдайдың» біреуі ғана қолданылады. Екеуі бір мағынаны білдіретіндіктен қатар қолдануға болмайды. Дұрысы «ғашық болған жағдайды» қалдырған шығар. Өйткені келесі, бақталас сөзге қатысты және бір ескету бар.

Он екіншіден, ешқашан «күйдей жағдайда» деп жазылмайды. Адам «күйде жүреді», «күйде қалады» немесе «күйде болады». Әйтпесе «күйге түседі», «күйге оралады». «Күйдей» деген теңеуді кісіге осы қалпында қолдана алмайсыз. Әлбетте, домбырадан шығатын күйдің бұған қатысы жоқ. Ондайда «күйдей шалқып, толқып, тартылып» деп кете береді.

Он үшіншіден, сөйлемде «жүргенін» деп емес, «жүргендіктен» деп жазылуы керек. Кейіпкердің бақытты болу себебі – алғаш ғашық болғандай күйде жүргендіктен ғой.

Хош, он үш түзетуден кейін мәтіндегі ең ауыр, күрделі үшінші сөйлемді сауықтырып, сапқа қосалық: «Продюсердің эмоцияға берілгендегі әлсіздігі байқалғанда «басыңыз бос, әлі жассыз, әрі сұлусыз, неге тұрмыс құрмасқа» деген сауал қойылып, Б. Е. кідірместен басының бос еместігін және өмірдегі осындай келеңсіздіктен кейінгі күреске махаббаттың әсері болғанын, қазір алғаш ғашық болғандай күйде жүргендіктен бақытты екенін айтты».

Енді бәрі өз орнына қойылған сияқты.



Кітап: Телевизия, радио және жаңа медиаға мәтін жазу

Дәріс: Музыкалық формат. Ең бастысы – ереже

Дәріс авторы: Қайнар Олжаев

Қазақ тілінің ережелеріне сүйеніп редакциялау деген – осы. Бірақ мұнда редакциялаудың басты тетіктерінің бірі – қысқарту ісіне арнайы тоқталғанымыз жоқ. Көзге іліккен бірер мысалын көрсеткеніміз болмаса қысқартудың қаншалықты пайдасы арнайы айтылмады. Оны алдағы дәрістердің бірінде сөз етеміз.

Он бесінші сабақты пысықтау:

Мәтінде сөйлемнің тыныс белгілерін түгендеп отыру керек.

Орынсыз жерде бас әріппен жазуға болмайды. Қаланың аты бас әріппен жазылғанмен оның алдындағы анықтауыш үнемі кіші «әріппен жазылады.

іркестерден тұрады.

Сөйлемде бір сөздің орнын ауыстырып қолдану мүлде басқа беретінін ескеру керек.

Адам ешқашан өмірмен күреспейді, өмірді сүреді, сол өмірдегі қиындықтармен ғана күреседі